

*«Кескіндеме
дегеніміз не?»*

Жоспар

Кіріспе.....

I Кескіндеме туралы ұғым және оның тарихы

1.1 Бейнелеу өнері саласындағы кескіндеме өнерінің даму тарихы

1.2 Бейнелеу өнерінің саласы көрініс (пейзаж) жанрының ерекшеліктері

1.3 Бейнелеу өнеріндегі Қазақстан суретшілерінің кескіндеме жанры

1.4 Шығармашылық жұмыс “Бәйдібек батыр”

2 Кескіндеме өнерін сабақта үйірме жұмыстарында қолдану

2.1 Кескіндеме өнерін бейнелеу өнері сабақтарында қолдану

2.2 Сабақта кескіндемеден үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және сабақ жоспарын құру.....

Қорытынды.....

Әдебиеттер.....

Кіріспе

Көркемдік қайсыбір эстетика мамандары айтқандай, дүниетану талпынысының долбарлы бастапқы сатысы емес, немесе оны – жай бір жалпыама ұғымды бейнелі суретке арамай көшіре салу әрекеті деп бағалауға болмайды. Көркем өнер ойшылдық өрісінің баянды бір көрінісі. Қазіргі кезде халықтың өнерге деген ынта – ықыласы анағұрлым артты. Халық шығармашылығын жаңғыртып одан әрі дамыту бүгінгі күннің көкей тесті мәселесі болып табылады. Тәрбие берудің жалпы мақсаттарына сәйкес мектепте бейнелеу өнерін оқыту бірнеше мақсаттарды көздейді. Эстетикалық тәрбие беру процесінде мемлекеттің даму жолындағы замандастардың еңбегінің әсемдігін көрсету маңызды орын алады. Осыған орай елбасымыздың халыққа жолдаған жолдауында білім, мәдениет, өнер саласына баса назар аударылған.

● Менің **жұмысымның негізгі мақсаты**, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойына өнер шығармалары арқылы өз туған жеріне деген сүйіспеншілігін, өнерге деген қызығушылығын арттыру, патриоттық сезімін ояту, оқушылардың ой – өрісін дамыту, эстетикалық тәрбие беру болып табылады.

● Қоғам өмірінің келесі, кезек оқиғаларымен сабақтас пейзаж өнерінің даму белсенділерін қарастырғанда, оларды қашанда жалпы азаматтық ортақ мәдениет өрісінде алатын орны тұрғысынан ғана саралап бағалай білген жөн.

● Көркемөнер табиғат мәнімен шұғылданғанда ол өз тұрғысынан емес “адамзат мәні” тұрғысынан қарастырады, яғни нақты “шынайы мәнін” сипатын айқындайды. Әр құбылыс өзінің мәнісімен табыса бастаған тұста ғана ол көркемдік таным тақырыбына айналады.

● I Кескіндеме туралы ұғым және оның тарихы

1.1 Бейнелеу өнері саласындағы кескіндеме өнерінің даму тарихы

Кескіндеме өнер әлеміндегі орасан зор, өзіне еліктіріп әкететін, сиқырлы аймақ. Ол адамзат дамуының таң шапағында, біздің тарихтан бұрынғы ата – бабаларымыздың үңгірлерінде дүниеге келді. Сан ғасырлар бойынша суретшілердің басшылыққа алған идеялары, олардың ұмтылыстары өзгеріп отырады, бір стильдің орнын екінші стиль басты, бірақ бәрібір кескіндеме жасап дами берді.

Кескіндеменің ұлылығы менімше мынада – ол сансыз жүректерді бір мәнді ойды, бір күшті сезімде бірге соғуға мәжбүр етеді. Ол шапшаң, бірден әсер етеді, оның тілі халықаралық тіл.

Аса көрнекті Кеңес кескіншілерінің бірі – А. Пластов кескіндеме туралы осылай шабыттана айтады.

Кескіндеме – бұл майлы бояулармен жасалған және пакет рамаға салынған, біз музейлерде қызықтайтын ғана емес. Кескіндеме ұғымы кең әрі мейлінше сан алуан техниканы қамтиды, мысалы, түрлі сулы бояулармен, темперамен, гуашьпен, акварельмен салынған кескіндеме болады. Тіпті аздап боялған суретке (пастель) ауысатын кескіндеме бар.

Кескіндеме суреттері



Кескіндеменің түсі

Түс – кескіндеменің жаны. Шөптің жасыл, гүлдің қызыл, ал қардың ақ екенін тәжірбиеден білеміз. Егер заттардың “дәл өзәндей” түстерді көшірмесек, табиғаттың түстік сан құбылмалылығын қалай нанымды беруге болады. Бәрін де картинада дұрыс табылған түстердің өзара қатынастары шешеді. Картинада, басқа түстердің қоршауында заттың өзіне сәйкес келетін, дұрыс та дәлме – дәл түс ретінде нанымды қабылданатын түсті тауып, іріктеп алу қажет.

Біздің түстерді қабылдауымызға, әдемі “сабақтас” түстің пайда болуына жарық, қашықтық (ауа қабаты) және түстік орта, яғни түрліше боялған заттардың қатар тұруы шешуші ықпал жасайды. Мәселен, өте күшті жарық жағдайында, мысалға, жазғы ашық тал түсте, жарық түскен жерлерде түстер өзінің қанықтылығын жоғалтады, ағарып түссізденеді. Кейде жаңа айналыса бастаған кескіндемешілер мұны түсінбейді де керісінше жасайды, күшті жарықта тұрғанда ең ашық бояулармен салады, ал көлеңкелердегіні күңгірттеу үшін суық түсті бояуды пайдаланады.



Түс – кескіндеменің жаны



Жылы және суық түстерді қатарлас тұруы кескіндемеге интенсивті әуен береді. Кескіндемешінің міндеті – картинаның жақын және алыс нүктелеріндегі түстердің айырмашылығын аңғарымпаздықпен ұстай білуінде.

● 2.2. Бейнелеу өнерінің саласы пейзаж жанры және оның ерекшеліктері.

Өнердегі басты саланың бірі – пейзаж. *Пейзаж дегеніміз* - өзі француз сөзі, біздің тілімізде аударғанда “табиғат” деген ұғымды береді.

Пейзажды негізінен табиғатты ғана емес, адам пішіндері, хайуанаттар дүниесі, бірқатар сюжеттік көріністерді бейнелеп береді. Пейзаж өнеріне мысал келтірер болсақ ХХІ ғасырдың ортасында П. Бейгеля табиғат адамзатпен бөлінбес, ажыратқысысыз бірлігін көрсетуге өз жұмыстарында басты назарға алды, суретшінің “Жыл мезгілдері”, “Қар бетіндегі аңшы” деген жұмыстары мысал бола алады.


Пейзаж суреттері


Табиғаттың әсем бейнесі





www.kokorileu









Бейнелеу өнерінің түрлері: *кескіндеме, сәулет өнері, мүсін, графика, қолданбалы өнер.*

● **Кескіндеме.** Бейнелеу өнерінің бір түрі. Кескіндеме — бір жазықтық бетіне (кенеп, ағаш, үй қабырғасының беті) жағылған әр түрлі бояу қабаттарының көмегімен жасалатын өнер шығармасы. Кескіндеме сөзінің өзі орыс лексиконына 18ғ. енген. (живопись-жанды немесе *тірі* жазу, өмірдегідей жазу, көріністерді өміршең көрсете білу). Кескіндеме негізінен бейнелеу өнері ретінде табиғатты, адамды, хайуанаттар әлемін, адамның жеке өмірі мен қоғамдағы оқиғаларды, адам қиялымен туған тарихи және мифологиялық образдарды орындайды. Өнердің кеңістікті түрінен ерекше кескіндеме өмір көру тәсілі, көлеңке, сызық, шынайы кеңістікті өлшемді жазықтық бетіне орналастыру арқылы іске асырылады. Сызық, түс, түсті-көлеңкемен әрекет жасау арқылы кескіндемені құбылысты барлық байлығымен көрсете алады. Кескіндеме екіге бөлінеді — монументальды және станкілі.

- Монымен аяқты кескіндеме — шығу тегі ежелден. Оның түрлері — мозаика, фреска, темпера техникасы. *Стилистік кескіндеме (стильдік) — мәдениетте орын алмайды*, ешқандай көркемдік ансамбльге тән емес, оның өнімдік мәні бар.

- **Кескіндемеде мәнерлеу тәсілдері шеңбері кең, солардың ішінде негізгілері — композиция, сурет және түс (колорит). Кескіндеменің негізгі техникалық түрлері — майлы бояу (байланыстыратын заттармен майындағы бояу), темпера (табиғи және жасанды эмульсия), клешэ кескіндеме, балауызды (воск) кескіндеме, фреска (сулы бояулармен бояу — штукатурка) және кебу (асекко), керамикалық, силикатты, синтетикалық бояулармен — эмаль, мозаика, витраж, акварель, гуашь, пастель, тушь кескіндемелі және графикалық шығармаларға қолданылады.**

● **Сәулет өнері** — адамдардың жеке және қоғамдық өміріне арналған ғимарат және оның комплексін тұрғызу. Сәулет өнері грек сөзінде-«құрылысшы», «сәулетші»-адамның өмірі мен қызметіне қажетті материалдан орта құрайтын үйлер мен ғимараттар және олардың кешені, сонымен қатар, ол көпшіліктің эстетикалық мүмкіндіктеріне, қолданылу орнына сәйкес келетін ғимараттар мен олардың кешенін жобалау және тұрғызу өнері. Сәулет өнері адамның материалдық қажетін, ғылым мен техниканың дамуымен тығыз байланысты, сондықтан да материалдық мәдениеттің бір түрі болып саналады. Адамның қоғамдық талаптарының алуан түрлі сәулеттік өнер типін әртүрлілігін тудырады: тұрғын, қоғамдық-азаматтық.

●

- **Өнер синтезі (грек, қосылу, бірігу)-әр түрлі өнер және өнер түрлерінің көркемдік тұтастыққа шектеулі қосылуы, бұл адам болмысындағы материалды және рухани ортаны эстетикалық ұйымдастырады. Өнер синтезі сапалы жаңа көркемдік кездері. Олардың идеялы-дүниетанымдық, образды және композициялық тұтастығы, кеңістік пен уақытты көркемдік ұйымдастырудағы жалпы қатысулары, масштаб, пропорция, ырғақтық сипаттары өнердің сапасын жақсартады, қабылдауды белсендендіруге талпынады, көпжоспарлылық пен көркемдік идеяның жан-жақтылығын, адамға жан-жақты эмоционалды әсерлерін береді.**

● **Мүсін өнері.** Сәулет өнері сияқты мүсін өнері көлемді-кеңістікті түрі. Мүсін – лат. тілінде бірдеңені «ойып алу», «қашау» деген сөзден шыққан. Мүсінші өмірді өзінің ерекше этюдiмен көркем бейнеде көрсететін бейнелеу өнерінің бір түрі. Мүсін шынайы өмірді бейнелейді, бірінші кезекте материалды көлемді формада, жарықтандыру мен шынайы кеңістікте орналасқан адамды мүсінші пластика тілімен әсер етіп, сомдау және қашау тәсілмен көлемді шығаратын болғандықтан, суретін негізінде материалдың шынайы түрінен, кейде түс бояулар қолданады. Мүсін екі түрге бөлінеді: бедер (рельеф), дөңгелек. Дөңгелек мүсіннен басқа рельеф (фигуралы және өрнекті мүсін мына түрлерге бөлінеді монументальды және станкілі, және сәндік).

- **Стиль.** Әрбір дәуірдің социалды қарым-қатынасына байланысты идеялы-көркемдік принциптердің тарихи қалыптасқан жүйесі және формалары ерекшеліктері стиль деп аталады. Бір стилде өнердің түрі мен жанрлары тығыз қарым — қатынаста болады. Оларды жалпы идеялар мен сол дәуірдің эстетикалық критерияларын біріктіреді. Олардың жалпылығы тұрақты және біртұтас көркемдік форма жүйесін тудырады

● 2.2.1. Кескіндеме өнерін бейнелеу өнері сабақтарында

● қолдану әдістері.

- Бейнелеу өнері шығармаларында басты нәрсе олардың бейнеленгені емес, олардың нені білдіргені екенін біз енді білеміз. Оның өзінде де егер әңгіме кескіндеме, мүсін өнері және графика жөнінде, яғни әлденені тікелей бейнелейтін өнерлер туралы болып отырса ғана. Ал декорациялық — қолданбалы өнер туралы не айтуға болады: әшекейлі көне қобди немесе әсем өрнектелген ыдыс нені бейнелейді? Сәулет өнерін қайтпекпіз? Ол мүлдем ештеңені бейнелемейді, бірақ көп нәрсені білдіреді. Ертеректе осы өнерлердің бәрін белгілеу үшін «пластикалық өнер», «сымбатты өнер» терминдері қолданылды, бірақ бұл да онша айқын, дәл болмай шықты. Ақыры аяғында «бейнелеу өнері» терминіне тоқталды, біз де осы терминді пайдаланамыз.
- Бейнелеу өнері алуан қырлы да алуан түрлі. Онда жұмыс істеудің методтары мен техникасы туралы практикалық мағлұматтар берместен бұрын оның түрлерімен және жанрларымен танысқан жөн. XIX ғасырға дейін сәулет өнері, мүсін өнері және кескіндеме өнерлерінің басты бір түрі — графика (сурет, гравюра, литография) қызметтік және қосалқы түрден өнердің жеке және мүлдем дербес түріне айналады. Соңғы жиырма жылдықта өнердің «дизайын» сияқты түрі де өте айқын бейнесін тапты.

- **Сабақтан тыс кескіндемеден үйірме жұмыстарына қатысу.**
- Сабақтан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстары сабақтан тыс немесе сыныптан тыс жұмыс деп аталады. Бұл жұмыс мұғалім сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие жұмысын толықтыра және тереңдете отырып, ең алдымен балалардың талаптары мен қабілеттерін толық ашудың қызығушылығы мен ынтасын оятудың құрамы ретінде қызмет атқарады. Біз сабақтан тыс жұмыс кезінде керекті және пайдалы бұйымдар жасап үйренеміз. Бұйымдарды жасау барысында эстетикалық тәрбиеміз артады.
- Тәрбие жұмысы бірнеше бағыттар бойынша жүргізіледі. Оқудан бос уақыттан барлық сыныптан тыс жұмыстарды мұғалімдер, сынып жетекшілері мектептің атамекен ұйымының басшылығымен өткізіледі. Жұмыс бөліміндегі тәрбие жұмыстарын жоспары алдынала жасалуы тиіс. Оқудан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстарының барынша көпшілігіне қарамастан жүзеге асырылатын формаларын бөліп көсетуге болады: салтанатты кештер, мерекелер және үйірме жұмыстарына сәйкес еліміздің атақты адамдарымен кездесулер. Сыныптан тыс жұмыстардың барлығы біздің білімдерімізді байыта, ақыл-ойымызды және қабілеттерімізді дамыта отырып, ой-өрісімізді кеңейтуге бағыттайды.

- Үйірме жұмыстары мектепте өткізілетін жұмыстар айырмасы — бұл тәрбие жұмысы мектептен тыс жұмыс деп аталады. Ол сабақтан тыс уақытта өткізіледі. Оны мектепте біздің бос уақытымызды ұйымдастыруға, қабілетімізді анықтауға және дамытуға әр нәрсеге қызығуымызға, көп нәрсе білуде күштарлығымызды оятуға көмектеседі.

- Бос уақытымызды тиімді пайдалану үшін үйірме жұмыстары әр түрлі жұмыстарды кең түрде жобалауға мүмкіндік береді, қабілетімізді арттырып қана қоймай, қимылдарымызды жаттықтырады, ғылым мен техникаға тәрбиелеуге көмектеседі, шығармашылық еңбекті сүйуге үйретеді. Үйірме жұмысының міндеті жалпы және арнайы білімді меңгеру, ойлау қабілетімізді оятуға жан-жақты дамуына ықпал жасау, өздігінен жұмыс істеуге тәрбиелеу.

- Сабақтан тыс үйірме жұмысындағы жетекшілер тақырып таңдауда шешім қабылдауға көп дербестік алады. Дербестік ала отырып сонымен бірге жетекші олардың шығармашылық іс-әрекетін бағыттап отыруы керек, оларға бұйымның жасалу жолдарын үйрету қажет.

Қорытынды

- Өнер – халықтың салт – санасын, мәдениетін, адамзаттың эстетикалық мәдени қарым қатынастарын қалыптастырушы ағын.
- Көркемдік, әдемілік ұғымының өн бойына осы екі қасиеттің екеуі де ұялаған, біреуінен бас тартсаңыз екіншісі бәрібір жеке дара сұлулық сырын жеткізе алмайды.
- Өнер үлгілері эстетикалық ғажайып мұралар сыйлай отырып, өмірде де сұлулық түзуге, дүниені еркін, әдемілік заңдары бойынша түрлендіруге тәрбиелейді. Сұлулық заттың, жаратылыс құбылысының түр – түсі тұтас, кесек көрінгенде ғана, оны жете тануға бел байлаған адамның өзінше бір қайталанбас сезімталдық, сыршылдық кәнігі қасиетімен үндесіп, бауырласып барып бірте – бірте ашыла береді. Әр нәрсенің байыбын барлау, қабылдау шамасы қашан да зерттеушінің табиғат әсемімен жан – жақты қатынасының белгілі бір сапалық қадір – қасиетіне қарай айқындалады.

- Көркемдік қайсыбір эстетика мамандары айтқандай, дүниетану талпынысының долбарлы бастапқы сатысы емес. Немесе оны — жай бір жалпылама ұғымды бейнелі суретке қарамай көшіре салу әрекеті деп бағалауға болмайды. Көркем өнер ойшылдық өрісінің баянды бір көрінісі. Қазіргі кезде халықтың өнерге деген ынта-ықыласы анағұрлым артты. Халық шығармашылығын жаңғыртып одан әрі дамыту бүгінгі күннің көкей тәсті мәселесі болып табылады.
- Қорыта айтқанда осы ғылыми жұмысты істеу барысында мен үлгі ретінде өзіміздің Қазақстан суретшілерінің көптеген жазбаша және шығармашылық жұмыстарына үлкен назар аударды

VI. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

- «Бүгінгі Қазақстан» Республика суретшілерінің шығармаларында Алматы Өнер 1983ж.
- Ә.Қастеев. Альбом. Алматы. 1978ж.
- «Советтік Қазақстанның бейнелеу өнері» Алматы. Өнер. 1990ж.
- Ералин Қ., Халмуратов Ж. «Қазақстанның бейнелеу өнері шеберлері» Алматы «М-Талант фирмасы» 1997ж.
- Ералин Қ., Тастемиров К., «Бейнелеу өнері сабақтарында оқушылардың кеңістік туралы түсінігін қалыптастыру».
- Әлмұхамбетов Б., Бакенов Ж. Сурет салу және бояумен жұмыс істеу әдістері. – А., 1987
- «Бүгінгі Қазақстан» Республика суретшілерінің шығармаларында Алматы Өнер 1983ж.
- Қазақстан акварелі «Өнер» Алматы 1989
- Щипанов А.С. «Әуесқой жас суретшілер мен мүсіншілерге» Алматы «Мектеп» 1989.
- Ғаламтор сайттары.
-